

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың :
304 , 305 , 306 , 307 , 308 , 309 , 310 , 311 , 312 , 313 , 314 , 315 , 316 , 317 , 317-1 , 317-2 , 318 , 319 , 320 , 321 , 322 , 323 , 324 , 325 , 325-1 -қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
304-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 663396 мың теңге (алты жүз алпыс үш миллион үш жүз тоқсан алты мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 5-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "Қызмет телефондары және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаң нормалары туралы"»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3

қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражаттарынан қаржыланған ұйымдар бойынша жылытуға арналған электр энергиясын, отынды, ыстық және суық сулар мен өзге де коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көліктік қызмет көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы шектерінде мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен ұсталынатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының қызмет командировкалары жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базаларын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1105 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1106 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитеті мәселелері" 2004 жылғы 28 қазандағы N 1108 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : атом, минералдық ресурстар, мұнай-химия, және атом өнеркәсібін қоса алғанда, энергетика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ету, басқару процесін үйлестіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : лицензиялар беруді қамтамасыз ету, лицензиялық шарттар мен ережелерді сақтауды бақылау; энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлері бойынша біліктілік талаптарын бекітуге инспекция жүргізу; пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлесе барлау мен өндіруге оның ішінде мемлекеттік меншікте табылатын техногендік түзілулерге арналған құқықты қоса алғанда, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру; Қазақстан Республикасы жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мемлекеттік компьютерлік банк дерекқорын сүйемелдеу; Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдалану басқармасы мен мониторингінің Біртұтас мемлекеттік жүйесін сүйемелдеу (бұдан әрі - ЖП БМБМЖ); энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін лицензиялаудың ақпараттық

			<p>конкурсын хабарлау; - геологиялық ақпаратты сатып алу және конкурстық ұсыныстарды беру туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар ету; - конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру, конкурс нәтижелерін шығару және оларды жариялау. Құпиялық режимін қамтамасыз ету; құпия және қызметтік ақпаратты өңдеу, сақтау, беру үшін техникалық құралдарды сертификаттау. Ұйымдастыру техникасы құралдарын және басқа негізгі құралдарды техникалық сүйемелдеу, қызмет көрсету және жөндеу. Энергия тұтыну саласында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру.</p>	Жыл бойы	Жыл бойы	министрлігі
3	002	Аумақтық органдар - дың аппараттары	<p>Аумақтық органдарды штат санының бекітілген лимиті шегінде ұстау. Бекітілген лимитке орай қызметтік жеңіл автокөлікті, арнайы автокөлікті (технологиялық) ұстау, жалдау. Жер қойнауын пайдалануда мониторингілеуді жүзеге асыру. Жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың аумақтық қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Өз құзіретінің шегінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу. Мемлекеттік қажеттіктер үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструк-торлық жұмыстарды және олардың орындалуын бақылауды қосқанда геологиялық зерттеулерді жүргізуге мемлекеттік тапсырысшының жұмыс істеуін жүзеге асыру. Геология және жер қойнауын</p>	Қаңтар - желтоқсан		Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

				<p>пайдалану аумақты басқармаларының ғимараттары мен үй-жайларын өңдеу - "Южказнедра"</p> <p>Ұйымдастыру техникасы құралдарын және басқа негізгі құралдарын техникалық сүйемелдеу, қызмет көрсету және жөндеу.</p>		министрлігі
4	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Бекітілген біліктілікті көтеру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін көтеру бойынша қызметтер көрсетуді сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілді және ағылшын тілін оқыту.	Қаңтар-желтоқсан Қаңтар-тамыз	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	
5	009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Аумақтық басқармалар үшін офистік жиһаз және офистік керек-жарақтар сатып алу. Орталық аппарат пен оның құрылымдық бөлімшелері үшін жиһаз жинақтары мен жабдықтар сатып алу.	Қаңтар-тамыз	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	
6	017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	<p>Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттық жүйені сүйемелдеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы дерекқордың бағдарламалық өнімдерін сүйемелдеу; - Қазақстан Республикасы аумағындағы локальды дерекқорын аэрогео- физикалық деректермен толықтыру, Қазақстан Республикасы геологиялық қорларда сақталатын мәтіндік және картографиялық материалдарды компьютерлік мұрағаттау. <p>"Жер қойнауы мониторингісінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі" ақпараттық жүйесін сүйемелдеу.</p> <p>Локальды міндеттерді сүйемелдеу.</p> <p>Энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар	

			лицензия - лаудың ақпараттық мониторингтік жүйесін сүйемелдеу. Шығыс материалдарын, жиынтық және запас бөлшектерді с а т ы п а л у . Есептеу техникасы құралдарына жүйелік-техникалық қызмет к ө р с е т у . Есептеу техникасын сатып алу. Телекоммуникациялық қызметтерді төлеу.	министр- лігі
--	--	--	--	------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

- Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің орталық аппаратын және оның ведомстволарын 331 бірлік санында және аумақтық органдарды 218 бірлік санында ұстау және қамтамасыз ету;
- бір жылға орташа лицензияларды беру - 1140 дана;
- компьютерлерді уақтылы сертификациялау жолымен ақпараттарды қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у ;
- кәсіптік деңгейді көтеру - 26 адам. Мемлекеттік тілді оқыту - 73 адам. Ағылшын тілін о қ ы т у - 2 4 а д а м ;
- аумақтық органдарды жиһазбен жарақтандыру - 90%;
- атом энергетикасы бойынша комитет үшін 3 жиһаз жинағын сатып алу;
- орталық аппарат және оның құрылымдық бөлімшелері үшін құрал-жабдықтарды сатып алу: факсимилді аппараттар - 8 бірлік, көшірме аппараттар - 9 бірлік, қағаз жойғыш - 1 бірлік, түптеуіш машиналар - 5 бірлік, кондиционерлер - 15 бірлік, телефонды аппараттар - 45 бірлік, сейфтер - 4 бірлік, калькуляторлар - 20 бірлік, шкаф - 1 бірлік, ақпараттық жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету: геология және жер қойнауын пайдалану аумақтық басқармаларында бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізумен Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы; ЖПМБМЖ; энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін лицензиялау және мониторингілеу; Министрліктің WEB-сайты; " 1 С - Б у х г а л т е р и я " ;
- Интернет желісіне қол жеткізу, модем бойынша деректерді беру, байланыстың к о м м у т и р л е н г е н к а н а л ы .

Түпкі нәтиже: атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ, мұнай-химия және атом өнеркәсібін, энергия үнемдеу саласын қоса алғанда, энергетика саласында орнықты д а м ы т у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

Министрліктің және аумақтық органдардың мемлекеттік қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру қажеттілігін 4,9%-ға, министрліктің және аумақтық органдардың мемлекеттік қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқытуға қажеттілігін 13,6%-ға және

министрліктің және аумақтық органдардың мемлекеттік қызметкерлеріне ағылшын тілін оқытуға қажеттілігін 4,5%-ға қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

- министрліктің бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған шығын - 1146,42 мың теңге;

- аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған шығын - 822,9 мың теңге;

- министрліктің және аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкерінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын - 9585 теңге;

- министрліктің және аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкеріне мемлекеттік тілді оқытуға арналған орташа шығын - 14987 теңге;

- министрліктің және аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкеріне ағылшын тілін оқытуға арналған орташа шығын - 31700 теңге.

Уақтылығы: жоспарланған іс-шаралардың бекітілген кестенің мерзімдеріне сәйкес орындалуы.

Сапасы: Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелген функцияларды орындау; қазіргі экономикалық шарттарға сәйкес, кәсіптік мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттыру; лицензиялау және лицензиаттардың кемшіліктерін азайту туралы қолданыстағы заңнаманы сақтау; лицензияланатын қызмет түрлеріне үміткер субъектілердің инспекциясын жедел жүргізу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

305-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Мұнай-газ жобалары бойынша пайдалану құқығы мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 15066 мың теңге (он бес миллион алпыс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншіктегі объектілердің тізбесі туралы" 2000 жылғы 28 шілдедегі N 422 Жарлығы ; "

Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы N 1568 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Капиталмұнайгаз" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 240 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мұнай-газ жобалары шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік мүліктің бухгалтерлік есебін қамтамасыз ету, мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын пайдалану құқығы және мұнай-газ операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мемлекетке мердігер беретін мүліктің есебін қабылдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Мұнай-газ жобалары бойынша пайдалану құқығы мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету			
2		100	Капитал-мұнайгаз	1. Мемлекеттік мекемені бекітілген штат саны - 16 бірлік шегінде ұстау. 2. Мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге пайдалану құқығы берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу;
құны 65 млрд. теңге мемлекеттік активтердің тізілімін жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: мұнай-газ жобаларында мердігерлер пайдаланылатын мемлекеттік тиісті мүліктің тиісті есебін жүргізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір қызметкерді ұстауға арналған шығын - 941,7 мың теңге; Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділікке өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің шарттарына және концессияның шартына сәйкес активтерді беру жөніндегі міндеттерді орындау жолымен қол жеткізіледі.

Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес.

Сапасы: "Қарашығанақ кен орнының өнімін бөлу туралы түпкілікті шешім бойынша мердігердің пайдалануында тұрған және Қазақстан Республикасының газ-көлік жүйесі мен шаруашылық қызметінің ішкі және халықаралық концессиясының шарты бойынша концессионерге берілген мемлекеттің мүліктің бухгалтерлік есебін жүргізу" нұсқаулығына сәйкес есепке алуды жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

306-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006

жылға

арналған

"Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 88063 мың теңге (сексен сегіз миллион алпыс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 18-бабы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1107 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : қолданыстағы тау-кен және мұнай өңдеу

кәсіпорындары үшін пайдалы қазбалардың қосымша қорларын анықтауға жіберген геологиялық зерттеулердің тиімді жүйесін құру және жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : көмір сутегі шикізаттарының, ірі мыс кен орындарының, қорғасын,, мырыш, алтын, сирек кездесетін металдарын орналасуының өңірлік және локалды заңдылықтарын анықтау; геология барлау жұмыстарын жүргізу үшін техниканың жаңа үлгілерін әзірлеу; геология барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жаңа ғылыми концепциялар мен тәсілдемелерді әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	Геология саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді 3 бағыт бойынша жүргізу: 1. Минералдық-шикізат базасының минералдық жай-күйін бағалау мен дамуын ресурстар болжамдау және оны ақпараттық қамтамасыз ету. 2. Қазақстан аумағының геологиялық дамуының тұжырымдамаларын әзірлеу. 3. Геологиялық-барлау жұмыстарының жаңа технологиясын әзірлеу. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметке ақы төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: құрамдас бөліктері 1:500000 масштабында Арал-Каспий өңірінің терең құрылымының картасы; 1:100000 масштабында Қазақстан Республикасының минерагеникалық картасы; Қазақстанның аумағында кен объектілерін тарату заңдылықтарының картасы; Қазақстанның терең құрылымы мен палеодинамикасы негізінде алтын кенішті аудандар мен алқаптарды оқшаулаудың терең факторлары; мұнай және гидрогеологиялық ұнғымаларда көріністі қадағалау үшін ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе; палеозой формациялы мұнай мен газға перспективалық литологиялық өлшемдерін зерттеу.

Түпкілікті нәтиже: Арал-Каспий өңірінің мұнай-газды перспективаларын бағалау; пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау үшін минерагеникалық негіз; алтын және түсті металдарды анықтаудың перспективалылығы; мұнай өнімдері горизонттарын олардың табиғи астасуында қадағалау жүйесі.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жер қойнауын пайдаланудың геология саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің жалпы құны (мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша қызметіне ақы төлеуді қоса алғанда) **м ы н а н ы** **қ ұ р а й д ы :**

- "минералды-шикізат базаларын дамытудың және оны ақпаратты қамтамасыз ету жағдайы мен болжамын бағалау" бағыты бойынша - 37761 мың теңге;

- "Қазақстанның аумағын геологиялық дамыту концепциясын әзірлеу" бағыты бойынша - 21502 мың теңге;

Уақтылығы: ғылыми-техникалық әзірлемелерді жүргізудің нақты және белгіленген мерзімдеріне сәйкес.

Сапасы: минералды шикізаттар мен көмірсутектерінің маңызды түрлерінің қиын ашылатын кен орындарын олардың ашылуы үшін ғылыми негізін құру жолымен анықтау; пайдалы қазбалардың кен орындарын анықтау кезінде геологиялық жұмыстардың мерзімдері мен шығындарын қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

307-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006

жылға

арналған

"Отын-энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 699947 мың теңге (алты жүз тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз қырық жеті мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы ; "2004-2008 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысы ; "2005-2007 жылдары бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі № 927 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : атом энергетикасының атомдық ғылымды, техниканы дамытуға және қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған ғылымды қажетсінетін ядролық технологияларды әзірлеу; шикізаттық бағыттан қайтуына ықпал ететін экономиканың салаларын әртараптандыру жолымен елдің орнықты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін ш а р т т а р ә з і р л е у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жетекші атомдық державалардың тәжірибесі есебінен озық технологиялар негізінде Қазақстанда атом саласын ғылыми-техникалық қолдау, радиоэкологиялық зерттеулердің аппаратуралық және әдістемелік базаларын дамыту, қазіргі халықаралық талаптар деңгейінде радиоактивтік қалдықтармен және ядролық отынмен игерілген тиімді айналыс жүйесін құру, радиофармпрепараттары өндірісінің ұлттық саласын құру, пайдаланудың штаттық және экстремалдық жағдайында ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіп үшін материалдарды, тораптарды элементтер мен құралымдарды сынау және зерттеу, КТМ токамакада оларды құралымдық материалдарды таңдау және сынау режимі бойынша ұсыныстар әзірлеу, термоядролық энергетиканың проблемалары бойынша инвестиция тарту және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету, жаңа технологиялық шешімдер мен ядролық және термоядролық қондырғылардың құралымдарын меңгеру, жаһандық халықаралық жүйенің құрамында геофизикалық мониторинг желілерін одан әрі дамыту, электр энергиясы мен электр тасымалдаушыларды импорттың орнына қолдану, нашар зерттелген және қиын алынатын орташа, шағын кенді және кені жоқ объектілерді кешенді бағалау әдістерін жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Отын-энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1. "2004-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" ғылыми-технологиялық сипаттағы техникалық бағдарламаларын іске асыру. 2. Қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасау мен пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау. 3. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының орташа, шағын кен орындарын игеру және тендер алдындағы дайындық кезіндегі геотехнологиясын дамыту. 4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	Ақпан-желтоқсан Ақпан-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

			- гінің бұйрығымен бекітілген, сатылып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарға күрделі трансферттерді аудару. 5. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.	Ақпан-жел- тоқсан	министр- лігі
				Ақпан-жел- тоқсан	
				Сәуір- қыр- күйек	
				Қаңтар-жел- тоқсан	

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

- "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" бағдарламасы бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: талдамалы әдістемелер кешені: табиғи сулар мен өсімдіктерде уран мен оның еншілес өнімдерінің аса сезімталдығын анықтау үшін әдістемелер кешені; ҚР аумағында РАҚО-ның цифрлық картасы; ядролық және басқа радиоактивтік материалдардың пайда болу уақыты мен орнын сәйкестендіру үшін әдістемелер кешені ; қоршаған ортаға РАҚО-ның радиациялық әсерін бағалау әдістемесі; халыққа дозалық жүктемесінің мәні; РАҚО-ның радиэкологиялық қауіп-қатерінің дәрежесі туралы қ о р ы т ы н д ы ;
"ДМСА-99м Тс", "Пирофосфат-99мТс" реагенттерінің лиофилденген жинақтарының сапасын бақылау әдістемесі мен өндірістің технологиялық регламенті; ауыл шаруашылығы үшін сірне алу үшін технологиялық регламент; жер сілкінісі және үлгілік жарылыстар жөнінде деректер қоры; автоматты, интерактивті бюллетень; сейсмограмдардың станциялық базалары; белгілі полигондардың аудандарындағы сейсмикалық оқиғалардың каталогтары; сынақ хаттамалары; ЯСЖТШҰ үшін ұсыныстар;

РАҚ-дың оқшауланған объектілердің экологиялық қауіпсіз орналасуы үшін тау жыныстарының сапасын зерттеудің негізделген әдістері мен технологиялары; Дерекқор құрамындағы электронды паспорттар, енгізу жөніндегі жарнамалық өнімдер ж ә н е

ұ с ы н ы с т а р ;

- Қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасауды және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: Реакторлық тәжірибелер әдістемесі, тәжірибелік құрылғылар және стенділер; елдің энергетика саласының негізгі техникалық-экономикалық параметрлерін математикалық үлгілеу мен болжау үшін әдістемелер мен компьютерлік код, Қазақстан энергетикасын дамытудың есептік үлгілеу нәтижелері мен 2050 жылға дейінгі кезеңде республикада шағын және орташа қуатты АЖЭС салу жөніндегі ұсыныстар; ядролық отынның кез келген құрамының, сондай-ақ ұнтақталған суспензияның сұйық металдық, сұйық тұзды қасиеттерін жылуфизикалық және ядролық-физикалық есептеу әдістемесі; бірінші кезекте имитациялық құрылғыларды дайындауды жиынтықтылау ж ә н е

б а с т а у ;

жоба бойынша негізгі ақпараттан тұратын КТМ токамактың Web-беті; шешу үшін есептер мен теоретикалық материалды енгізген плазмалық физика бойынша оқу құралы, "Курчатов институты" РҰО ИЯС ИВК-ға жойылған деректерді алу үшін аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етумен сәйкесетін компьютерлік сыныптар; пайдалы қазбалардың орташа, шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде қолданбалы ғылыми з е р т т е у л е р жү р г і з у :

нашар зерттелген кен орындарын үлгілеу және бағалау әдістемесі; бұрғылау жағдайларына және керннің жай-күйіне қолайлы бағытталған кернді іріктеу құралдарын жұмыс үлгісіне конструкторлық құжаттама.

Т ү п к і л і к т і

н ә т и ж е :

Атом энергетикасы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша: өнеркәсіптік өндірісті одан әрі өсіруге бағытталған жұмыстардың ірі кешенін ғылыми-техникалық және технологиялық қолдау, импортты алмастыратын және сараптық бағдарланған өнімдерді шығаруды ұйымдастыру, жаңа ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістерді құру және тұтас экономиканы инновациялық қайта құру; Пайдалы қазбалардың орташа және шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде: жете зерттелмеген кен объектілерін геологиялық-технологиялық-экономикалық бағалау және ақауға шығару, қорлар мен объектілерді үлгілеудің жаңа технологияларын бағалауға қойылатын талаптар, кендердің байытылуын бағалауды жетілдіру. Қаржы-экономикалық нәтиже: бағыттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулердің құны (ғылыми-техникалық сараптауды қоса алғанда): атом энергетикасын дамытуға - 5757716,0 мың теңге; қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасау және

пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 70183,0 мың теңге; пайдалы қазбалардың орташа, шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамытуға - 30500,0 мың теңге; Ғылыми ұйымдар үшін бағыттары бойынша ғылыми жабдықтар сатып алынды: Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамытуға - 5224,0 мың теңге; қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасауды және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 12224,0 мың теңге; Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларын орташа және шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы геотехнологияларды дамытуға - 6100,0 мың теңге. Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес жыл бойы. Сапасы: ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіптің қауіпсіздігі және тиімділігі, радиациялық-қауіпті жерлерде қоршаған ортаның мониторинг жүйесін құру;

кенді және кені жоқ объектілерді бағалаудың жетілдірілген әдістемелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына

308-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар **министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 1072970 мың теңге (бір миллиард жетпіс екі миллион тоғыз жүз жетпіс мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Қазақстан Республикасын Халықаралық термоядролық реактор жобасына енгізу туралы ИТЭР кеңесі сессиясының 1994 жылғы 28 шілдедегі шешімінің шеңберіндегі қызметін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 22 шілдедегі N 143-Ө өкімі .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : реакторлық материалтануға арналған Қазақстан Республикасындағы алғашқы Тоқамақ (КТМ) термоядролық қондырғысын құру, Қазақстан Республикасында ғылымды қажетсінетін және ядролық

технологияларды дамыту, термоядролық реакторлардың конструкциялық материалдарына зерттеу жүргізу, материалдарды зерттеудің жаңа кешенді әдістерін меңгеру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : зерттеу жүргізу үшін физикалық диагностикалар әдістемелері мен жүйелерін әзірлеу және игеру; құрастырылатын материалдарды сынау әдістерін меңгеру; өлшемдердің әдістемелік базасын жасау, басқарылатын термоядролық синтез саласында зерттеулер жүргізу үшін халықаралық зертхана құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру	<p>Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру жөніндегі іс-шараларды орындау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ҚТМ кешенінің негізгі жүйелеріне, оның ішінде конструкторлық құжаттамаларды орау мен тасымалдауға монтаж бен жөндеуге арналған жұмысшы конструкторлық құжаттамаларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды аяқтау. 2. ҚТМ кешенінің реакторлық корпусын қайта жаңғырту. Ғимараттар мен құрылыстар салуды жалғастыру. 3. Жабдықтар мен материалдар сатып алу. ҚТМ кешенінің сыртқы электрмен жабдықтау жүйелерін монтаждау жөніндегі жұмыстарды аяқтау. 4. Вакуумдық сору жүйесін жасауды жалғастыру. Жабдықтар мен материалдарды сатып алу. 5. Жабдықтар мен материалдарды сатып алу. ҚТМ кешенінің автоматтандырылған жүйесін жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру. 6. Жабдықтар мен материалдарды сатып 	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
				Жабдықтар мен материалдарды сатып	қаңтар-қараша	
				автоматтандырылған жүйесін жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.	қаңтар-желтоқсан	

алу. ҚТМ қондырғысының импульсті қоректену жүйелерін монтаждау.	
7. Жабдықтарды, материалдарды сатып алу. ҚТМ дайындауды жалғастыру.	қаңтар-жел- тоқсан
8. Жабдықтар мен материалдарды сатып алу. ҚТМ электр магнитті жүйесін құру.	наурыз-жел - тоқсан
9. Жабдықтар, материалдар сатып алу. Плазманы жоғары жиілікте қыздыру жүйесін құру жөнінде жұмыстарды жалғастыру.	қаңтар-жел-
10. Жабдықтар, материалдар сатып алу. Вакуумдық камераны қыздыру мен кондинцирлеу жүйесін құру.	тоқсан
11. Жабдықтар, материалдар сатып алу. Газ жіберу және плазманы сөндіру жүйесін құру.	сәуір-жел- тоқсан
12. Жабдықтар, материалдар сатып алу. КТМ кешені мен қондырғыларын салқындату жүйесін монтаждауды бастау.	қаңтар-жел- тоқсан
13. Отын сатып алу. Инженерлік жүйелер мен жылытуды пайдалануды қамтамасыз ету, ҚТМ кешенін қорғау. Физикалық қорғаныш жүйесі. Іске қосу-жөндеу жұмыстары. Жүйені пайдалануға беру.	қаңтар-жел- тоқсан
14. Пайдалану құжаттамаларын әзірлеу мен персоналды дайындауды жалғастыру.	қаңтар-жел- тоқсан
15. Берілген пайдалану параметрлерін, разряд сценарийлерін қамтамасыз ету жөнінде нақтылау есептерін жүргізу және плазманы ҚТМ қондырғысының магниттік өрісінде ұстау.	сәуір-жел- тоқсан
	сәуір-жел- тоқсан
	қаңтар-жел-

					тоқсан
					сәуір-жел- тоқсан
					қаңтар-жел- тоқсан

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: ҚТМ кешенінің жүйелеріне арналған жұмыстық конструкторлық құжаттама. ҚТМ кешені ғимаратын қайта жаңарту. ҚТМ кешенін автоматтандырылған басқару жүйелерін, диагностика, вакуумдық айдау жүйелерін жасауды жалғастыратын жабдықтар мен материалдардың болуы. ҚТМ қондырғысының шлюздік құрылғысы. Электр магниттік жүйе мен қыздыру жүйесі және вакуумдық камераны кондиционерлеу. Іске қосылған сыртқы электрмен қамтамасыз ету жүйесі, жабдықтар мен материалдар (соның ішінде монтаждalған ЛЭП-220кВ, N 51 шағын станцияны қайта жаңғырту, күштік трансформаторларды монтаждау, ашық тарату қондырғысы, шағын станциясының электр байланысы); Жылу маусымына арналған отын, инженерлік жүйелерді, электрмен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану және КТМ кешенін қорғау.

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасында ғылымды қажетсінетін және ядролық технологияларды дамыту үшін қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын (ҚТМ) іске қосу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділік жаңа технологиялық укладтарды іске асыру, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылым мен өндірістің алшақтығын жою, инновациялық қызметті ынталандыру арқылы жүзеге асырылады.

Уақтылығы: жасалған шарттарға қарай жұмыстардың жоспар-кестелеріне сәйкес.

Сапа: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

309-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдету негізінде пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құру" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 617840 мың теңге (алты жүз он жеті миллион сегіз жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Ж а р л ы ғ ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ғылымды қажетсінетін озық технологияларды және импортты алмастырушы өндірістерді дамыту үшін физика, химия және биология салаларында зерттеулер жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : физика, химия және биология салаларында ғылыми-технологиялық зерттеулер жүргізу үшін жабдықтар дайындау және ауыр иондарды үдеткіш базасында пәнаралық ғылыми-зерттеу орталығының құрылысын аяқтау жөніндегі шарттарды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5		7
1	006		Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдету негізінде пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құру	Мыналарға сәйкес іс-шараларды орындау ("Мемсараптау" РМК-ның 2005 жылғы 1 сәуірдегі N 2-156/05 қорытындысы): 1) будаларды тасымалдау арналарымен ауыр иондардың министрлігі циклотронын жөндеу, тасымалдау, құрастыру және іске қосу; 2) ауыр көп зарядты иондардың инжектор-имплантаторын жөндеу, тасымалдау, құрастыру және іске қосу;	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

			<p>3) ғылыми-технологиялық зертханаларға арналған технологиялық жабдықтарды жөндеу, тасымалдау, құрастыру және іске қосу;</p> <p>4) кешенді автоматтандыруды қамтамасыз ету үшін зертханалық жиһаздар, жабдықтар, компьютерлік техникалар сатып алу;</p> <p>5) ғимараттың құрылысын аяқтау, инженерлік жүйелердің пайдаланылуын қамтамасыз ету, кешенді жылыту және қорғау, тұтас ауыр иондардың үдеткіші негізінде пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін іске қосу.</p>	министр-лігі
--	--	--	---	--------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже:

- Жасалды, құрастырылды, жеткізілді және іске қосылды:
 - салмағы 74 т., магниттерінің диаметрі 1.65 м., ДС-60 циклотроны үшін жабдық;
 - ауыр иондардың жеделдетілген будаларын тасымалдау үшін арналар (2 арна);
 - ЭЦР - көздері базасында ауыр көп зарядты иондардың инжектор-имплантаторы (тұ ты ны л а т ы н қ у а т ы 1 5 0 к В т);
 - жаңа материалдардың ғылыми-технологиялық зертханасы және атомдық физика және материалтану ғылыми-тәжірибелік зертханасы үшін тректік жарғақтар мен талдамалық жабдықтың тәжірибелік лектерін алуға арналған технологиялық жабдықтар.
- Кешенге қызмет көрсету үшін 20 маман дайындалды.
- Жалпы алаңы 3,5 мың шаршы метр пәнаралық ғылыми-зерттеу кешені ғимаратының құрылысы аяқталды ,
 - мамандандырылған талдамалы жабдықпен: NEC Corporashen фирмасының тәжірибелік физикалық камерамен; электронды микроскоптармен; спектрметриялық жабдық және зертханалық жиһазбен жарақтандырылған.

Түпкілікті нәтиже: физика, химия және биология салаларында зерттеулер жүргізу үшін, ғылымды қажетсінетін озық технологияларды және импортты алмастырушы өндірістерді дамыту үшін ауыр иондардың үдеткіш базасында пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін пайдалануға қосу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: базалық қондырғылар мен қазіргі техникаларды қолдану арқылы ғылыми-зерттеу институттары үшін ғылыми-инженер кадрларының практикалық дайындықтарының мүмкіншілігі, сондай-ақ ғылымды қажетсінетін озық технологияларды және импортты алмастырушы өндірістерді дамыту үшін ғылыми тәжірибелер жүргізу .

Уақытылығы: жұмыстардың жоспар-кестесі мен жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
310-ҚОСЫМША

**231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1100000 мың теңге (бір миллиард бір жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 832 қаулысымен "Ядролық технологиялар паркі" акционерлік қоғамын құру туралы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ядролық энергетика саласында жаңа технологиялар мен жоғары технологиялық әзірлемелерді құру және енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жоғары технологиялық әзірлемелерді нарыққа шығаруды қамтамасыз ету үшін осы заманғы инфрақұрылым құруды, оларды өнеркәсіптік өндіріске енгізуді, жаңа технологияларды дамыту және Курчатов қаласының қазіргі әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуді қамтамасыз ететін "Ядролық технологиялар парк" АҚ-ның жарғылық капиталын құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007		Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру	"Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру үшін, "Ядролық технологиялар паркі" АҚ-тың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, ядролық реакторлық кешенінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуді бастау үшін	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

			және әкімшілік-өндірістік сектор ғимаратының құрылысын бастау үшін "Ядролық технологиялар паркі" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту	министрлігі
--	--	--	--	-------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

"Ядролық технологиялар паркі" АҚ-тың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, инженерлік іздеулер, жобалауға арналған тапсырма, инженерлік коммуникацияларға жобаланатын объектілерді қосудың техникалық жағдайлары, сәулет-жоспарлау тапсырмасы; радиациялық технологиялар кешенінің ЖСҚ 1-сатысы; жобаның паспорты, ортақ түсіндірме жазба, объектінің бас жоспары, технологиялық шешімдер, өндірісті және кәсіпорынды басқару, сәулет-құрылыс шешімдері, инженерлік жабдық, желілер мен жүйелер, құрылысты ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары, ядролық реакторлық кешен жобасының төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс - ш а р а л а р ы ;

сыртқы инженерлік және коммуникациялық желілерге, кіреберіс жолдарға, жолдарға жұмыстарының б а с т а л у ы ;

бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік-өндірістік секторы құрылыстарының б а с т а л у ы .

Түпкілікті нәтиже: "Ядролық технологиялар паркі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту ядролық энергетика саласында инновациялық технологияларды дамытуға мүмкіндік б е р е д і .

Қаржы-экономикалық нәтиже: жарияланған акциялардың санын көбейту. У а қ т ы л ы ғ ы : жоспар-кестеге сәйкес.

Сапасы: орындалған жұмыстардың құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

311-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006

жылға

арналған

"Уран кеніштерін тұмшалау және жою, техногендік қалдықтарды көму" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 700507 мың теңге (жеті жүз миллион бес жүз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Уранкентарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1311 қаулысы ; "Уран өндіруші кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын әзірлеу салдарын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 шілдедегі N 1006 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : таратылатын уран өндіруші кәсіпорындар аудандарындағы тұрғындар мен қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : уран кеніштерін консервациялау және жою, аумақты шұрайландыру және кеніштердің өнеркәсіптік алаңдары мен оған жалғасып жатқан аумақта орналасқан техногендік уран қалдықтарын көму.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		У р а н кеніштерін тұмшалау және жою, техногендік қалдықтарды көму	1. Шығыс кенішін (Бота бұрым және Жосалы кен орындарын) жоюды а я қ т а у . 2. Балқаш Дергачев, Ольгин және Аққан-Бұрлық кен орындарының өнеркәсіптік алаңдарын т а р а т у - жұмысты жалғастыру. 3. Батыс кенішін жою (Қызыл сай кен орны) - жұмысты бастау. 4. <i>4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.</i> 5. 2001-2010 жылдарға арналған уран кен орындарын әзірлеу салдарынан уран өндіруші кәсіпорындарды консервациялау және тарату, бағдарламаларды (бұдан әрі - Бағдарламалар) іске асыру процесі және шеңберінде орындаудағы қажеттілік туындаған қосымша жұмыстар.	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а н ә т и ж е :

1) Шығыс кенішін (Бота-Бұрым және Жосалы кен орындары) таратуды аяқтау. Объект таратылады және ведомствоаралық комиссияға тапсырылады.

2) Балқаш, Дергачев, Ольгин және Аққан-Бұрлық кен орындарының өнеркәсіптік алаңдарын тарату - жұмыстың жалғасуы: орындалған жұмыс көлемі - жұмыс жобасына сәйкес объектінің жалпы сметалық құнынан 80% аспайды.

3) Батыс кенішін (Қызылсай кен орнын) тарату - жұмыстың басталуы. Орындалған жұмыс көлемі - жұмыс жобасына сәйкес объектінің жалпы сметалық құнынан 25 % а с п а й д ы .

4) *4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.*

5) Бағдарламаларды орындау процестері мен шеңберінде қажеттілік туындаған қ о с ы м ш а жұмыстар орындалды.

Түпкілікті нәтиже: Жұмыс аяқталғаннан кейін аймақтың радиациялық ластану деңгейі жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жобалық көрсеткіштерді жоғарлатпау керек.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жобаны бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың құнының шегінде іске асыру.

Уақтылылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.

Сапасы: жобаларға сәйкес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

312-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу"

деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 533499 мың теңге (бес жүз отыз үш миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың т е ң г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдингтік компаниясының құрылымын қайта ұйымдастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1415 қаулысы ; "Қарағанды көмір бассейнінің тиімсіз шахталарын одан әрі жабу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қыркүйектегі N 1479 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жабылатын газы мол шахталардан болуы мүмкін жағымсыз әсерлерден Қарағанды облысы тұрғындарының өмір тіршілігін қауіпсіз жағдайлармен қамтамасыз ету және кен жұмыстарымен бұзылған жерлерді ш ұ р а й л а н д ы р у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын тарату жөніндегі техникалық іс-шараларды орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	009		Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу	<p>"Қарағанды көмір" АҰАҚ N 1 шахталарын жабу:</p> <p>1) тарату жұмыстарын жүргізу;</p> <p>2) жалпы шахталық және басқа шығындар;</p> <p>3) жобалау-ізвестіру жұмыстары.</p> <p>2. "Қарағанды көмір" АҰАҚ N 2 шахталарын жабу:</p> <p>1) тарату жұмыстарын жүргізу;</p> <p>2) жалпы шахталық және басқа шығындар;</p> <p>3) жобалау-ізвестіру жұмыстары.</p> <p>3. "Қарағанды көмір" АҰАҚ N 3 шахталарын жабу:</p> <p>1) тарату жұмыстарын жүргізу;</p> <p>2) жалпы шахталық және басқа шығындар;</p> <p>3) жобалау-ізвестіру жұмыстары.</p> <p>4. "Арман" ЖШС N 1 шахталарын жабу:</p> <p>1) тарату жұмыстарын жүргізу;</p> <p>2) жалпы шахталық және басқа шығындар;</p> <p>3) жобалау-ізвестіру жұмыстары.</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: жобаға сәйкес төрт шахта бойынша тарату жұмыстарын жалғастыру.
Түпкілікті нәтиже: Акті бойынша жергілікті атқарушы органдарға берілген 200,8 га шұрайландырылған жер аумағы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: оларды жабу басталғаннан бастап шахталарда тарату жұмыстарының орындалу көлемі:

"Қарағандыкөмір" АҰАҚ N 1 шахтасында - 42,2%; "Қарағандыкөмір" АҰАҚ N2 - 53,2%; "Қарағандыкөмір" АҰАҚ N 3 - 34,7%; "Арман" ЖШС N1 - 81,2%; жерлерді шаруашылық айналымына қайтару.

Уақтылылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.

Сапасы: жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

313-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Жылу-энергетика кешенін дамыту"

деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 70600 мың теңге (жетпіс миллион алты жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 3-6, 9, 12-баптары, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабы; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 18, 21, 22, 26-баптары; "2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 101 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** :

1) көмір өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және көмір саласының халықаралық стандарттарға көшуіне жағдай туғызу;

2) Қазақстан Республикасында электр және жылу энергиясының сапасына тұрақты бақылау жүйесін құру; энергия кәсіпорындарының қондырғыларын пайдалану кезінде энергиямен жабдықтау сенімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) мұнай-химия кәсіпорындары үшін қосымша күнтізбегі бойынша тауарлық мұнай-химия өнімдерін шығару арқылы көмірсутегі шикізатын тереңдетіп тазалау және кешенді қайта өңдеу жөніндегі ғылыми-техникалық және технологиялық негіздерді құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- 1) көмір саласының нормативтік құжаттарын халықаралық талаптармен үйлестіру;
- 2) энергетика саласында нормативтік-техникалық құжаттарды қайта қарау және әзірлеу ;
- 3) Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру: мұнай-химия өнімдері - метанол немесе диметил эфирін шығарумен ілеспе және табиғи газдарды өңдеу жөніндегі технологияларды, өндірістерді құру; бензол және басқа мұнай-химия өнімдерін алу үшін сұйытылған мұнай газын өңдеудің бір кезеңдік каталитикалық процесінің технологиясы мен өндірісін құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Жылу-энергетика кешенін дамыту			
2		101	Көмір саласының халықаралық стандартқа көшуін қамтамасыз ету	<p>1. Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу.</p> <p>1) Шұбаркөл кен орнының тас көмірі .</p> <p>Жалпы техникалық шарттар.</p> <p>2) Минералдық қатты отын. Таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау .</p> <p>3) Минералдық қатты отын. Өнімдерді сәйкестендіру.</p> <p>2. Қолданыстағы стандарттарға N 1 өзгерістер:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының стандарты 3.39-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификация жүйесі. Көмірді сертификаттау тәртібі .</p> <p>2) Избес өндірісі үшін Қазақстан</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

				көмірі Қазақстан Республикасының стандарты 1093-2002. Жалпы техникалық талаптар. 3. Қушоқы кен орнының көмір өнімдерінің каталогы мен жіктеуішін әзірлеу.		министр-лігі
3		102	Электро-энергетика және мұнай өңдеу саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу	Талаптарға сәйкес электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлеу: энергия жабдықтарын пайдалану кезінде энергия жабдықтарын жөндеу министрлігі кезінде; ауыл шаруашылығын электрлендіру саласында.	Қаңтар-жел - тоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4		103	Өнеркәсіптің мұнай-химиялық саласын дамыту және құру	1. Метанол немесе диметил эфирін (ДМЭ) алу жөнінде ілеспе және табиғи газдарды өңдеудің ғылыми-технологиялық негіздерін әзірлеу шеңберінде технологиялық кешен үшін жабдықтарды жиынтықтылау бойынша алдын ала техника-экономикалық негіздемесі мен техникалық құжаттамасын әзірлеу. 2. Бензол және басқа мұнай-химия өнімдерін алу үшін катализаторларды қолданып сұйытылған мұнай газын өңдеудің технологиялық схемасын әзірлеу.	Қаңтар-жел - тоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

- 1) 3 мемлекеттік стандарт және қолданыстағы стандарттарға 2 өзгеріс әзірленді;
- 2) Қушоқы кен орны көмір өнімдерін каталогы мен жіктеуіші әзірленді;
- 3) электр энергетикасы саласындағы 20 нормативтік-техникалық құжат әзірленді және қайта қаралды немесе қажеттіден 12%;
- 4) метанол немесе диметил эфирін өндіру бойынша технологиялық кешенді құруға арналған алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштер, катализаторларды пайдалану арқылы бензол алудың технологиялық схемасы.

Т ү п к і л і к т і

н ә т и ж е :

- 1) Тұтас көмір саласы тиісті халықаралық талаптарға 9,8% стандарттармен қамтамасыз

етілетін

болады;

2) Тұтас электр энергетикасы нормативтік-техникалық құжаттамамен 12%-ға қамтамасыз етілетін болады;

3) метанол және диметил эфирін өндіру бойынша технологиялық кешенінің құрылысына арналған нақты көрсеткіштерді анықтау, бензол алудың принципті технологиялық схемасы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік стандартты өңдеудің орташа құны - 1370,0 мың теңге, қолданыстағы стандартты өзгертуге - 945,0 мың теңге, каталог пен жіктеуішке - 2000,0 мың теңге, нормативтік-техникалық құжатқа - 1645,0 мың теңге, нормативтік-техникалық құжатты қайта қарауға - 744,0 мың теңге. 1 млн. т.м газды қайта өңдеу кезінде алынған мұнай-химия өнімдерінің құны 180 мыңнан астам АҚШ долларын құрайды, отын нұсқасы бойынша осы көлемдегі газды сату кезінде - құны 18-20 мың АҚШ долларын құрайды.

Уақтылығы: жұмыстардың күнтізбелік жоспарларына сәйкес.

Сапасы: отын-энергетикалық кешен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін халықаралық талаптарға сәйкес нормативтік-құқықтық, ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

314-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 480000 мың теңге (төрт жүз сексен миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 13-баптары, "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5, 6, 9-баптары; "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі № 927 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстанның радиациялық және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының аумағындағы қазіргі радиациялық жағдайды және халық үшін радиологиялық ахуалды бағалау; кейінгі радиоэкологиялық мониторингті жүргізу үшін радиациялық-ластанған аумақтар мен алаңдарды белдемдеу; зерттеулер нәтижелері бойынша радионуклидтермен ластанған аумақтарды оналту және нормативтен жоғары радиоактивтік сәулелену жағдайларынан халықты қорғау жөніндегі ұсыныстарды дайындау; Ертіс химия-металлургия зауытына (бұдан әрі - ЕХМЗ) іргелес аумақтарда радиоактивтік заттар мен қалдықтардың бақылаусыз таралуын болдырмау; оның аумағының ерекшеліктерін ескерумен шаруашылық қызметін жүргізу үшін бұрынғы Семей сынақ полигонының (бұдан әрі - ССП) радиациялық және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ССП аумағындағы ядролық қару-жарақ қызметі қалдықтарының қорларын бағалау, бұрынғы ССП аумағында ядролық жерасты сынақтарын өткізу орындарының ағымды сейсмикалық жағдайын зерттеу, радиоэкология мәселелері жөнінде ақпараттандыру және түсіндіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	011		Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	<p>1. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу:</p> <p>1) 250,0 мың км² алаңда масштабты радиогидролитохимиялық түсіру;</p> <p>2) Орталық Қазақстандағы (Ақмола және Қарағанды облыстары, жұмыстардың аяқталуы), Оңтүстік Қазақстанның 1-учаскесінде және Батыс Қазақстанның 1-учаскесінде (жұмыстардың басталуы) әрбір інің алаңы 2,3 мың км² үш типтік учаскеде масштабты 1200 000- -1:100 000 орта масштабты радиоэкологиялық зерттеулер;</p> <p>3) 5 радиоактивтік ластану учаскесінде және 15 жоғары радиациялы тау-кен үйінділері бар учаскелерде 1:5000-5:500 масштабты егжей-тегжейлі радиоэкологиялық зерттеулер.</p> <p>2. Бұрынғы Ертіс</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

химия-металлургия
зауытының (ЕХМЗ),
радиоактивті қалдықтарды көму
пункттерінде және
оған іргелес аумақтардағы
радиациялық қауіпті
жағдайларды жою
жөнінде жұмыстарды
ж ү р г і з у :

1) дайындау, ұйымдастыру және
техникалық іс-шараларды жүргізу,
жалпы алаңы 0,6 ш.м. бұрынғы ЕХМЗ
аумағын, шлам жинауыштар және
жалпы алаңы 2,5 ш.км. шлам
т о п ы р а қ т ы
және ағын сулардың оларға іргелес
аумақтарын радиациялық тексеру
жоспарын әзірлеу. Қадағалау
органдарында құжаттарды келісу;
2) ЕХМЗ аумағында, оның цехтарында,

аумағы 0,6 ш.км. ғимараттары мен
құрылыстарында, шлам жинауыш
бассейндер және зертханалық жағдайда

олардың радиометриялық,
спектрометриялық талдауларымен 2,5
ш.км оларға іргелес аумақтарда
қоршаған ортадан сынама іріктеп
алумен радиациялық зерттеулер
ж ү р г і з у ;
3) ЕХМЗ-тың тексерілген
аумақтарынан және шлам жинауыш
бассейндерден иондаушы сәуле көздері
(ИСК) мен радиоактивті қалдықтарды (РҚ)
іздігі мен жою және оларды
жинап салу, тасымалдау және КИР "
Байкал-1" қоймаларына ұзақ уақыт
сақтауға орналастыру;
4) ЕХМЗ-тың ластанған аумақтары
мен ғимараттарын радиациялық
қ а у і п с і з
жағдайға келтіру жөнінде ұсынымдар
мен жобаларды әзірлеу және
бақылаушы органда келісу,
радиоактивті
қалдықтарды өңдеу, көму немесе КИР "
Байкал-1" қоймаларына ұзақ уақыт
сақтауға орналастыру бойынша
технологиялық кешен
жасау жөнінде инженерлік
технологиялық жұмыстарды жүргізу;
ЕХМЗ-ның 22 және 22а
цехтарын технология-

Қаңтар-жел
-
тоқсан

лық жабдыктарын бөлшектеу және оны

дезактивтеу (мүмкіндігінше) мен кондиционерлеудің технологиялық процестерін әзірлеу, сондай-ақ осы жұмыстарды жүргізу үшін жұмыс алаңын ұйымдастыру. ЕХМЗ-ның 22 және 22а цехтарындағы сұйық радиоактивті қалдықтарды кәдеге жаратудың әдістері мен технологиясын әзірлеу және тәжірибелік сынамалау;

5) ЕХМЗ-да 2005 жылы табылған Р О Қ К П

іргелес ластанған аумақтарда табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу жөніндегі жобаларды әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ осы аумақтарда табиғат қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу мен оларды радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру (бөлінген қаражат шектерінде және жобаға сәйкес).

3. Бұрынғы ССП-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

1) бұрынғы ССП-ны аумағының шекараларын тексеру және жайластыру; ядролық сынақтар жүргізілген негізгі алаңдарды қоса алғанда б ұ р ы н ғ ы

ССП аумағына рұқсатсыз кіруді шектеу жүйесін әзірлеу;

2) ССП аумағында шаруашылық жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздік тәртібін регламенттейтін нормативтік-техникалық база әзірлеу; ССП аумағының өзіндік ерекшеліктерін ескерумен шаруашылық жұмыстарын радиациялық қауіпсіз жүргізудің нормаларын әзірлеу;

3) ССП аумағындағы шаруашылық қызметінің мониторингі; шаруашылық қызметін жүргізу кезінде радиациялық қауіп-

жүргізу кезінде радиациялық қауіп-

сіздік талаптарын қамтамасыз ету мониторингін орындау. ССП аумағында шаруашылық етуші субъектілер жөніндегі дерек қорды д а м ы т у ;

4) ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; бұрынғы ССП аумағында орналасқан реакторлық кешендердің физикалық қорғаныш жүйесін жаңғырту. Ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің физикалық қорғаныш жүйесінің техникалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыру. Ядролық және радиациялық қауіпті объектілерде болуы мүмкін аварияларды үрлеу және болжамдау; объектілердің қауіпсіздік жүйесі мониторингінің әдістерін әзірлеу;

5) бұрынғы ССП аумағындағы радиациялық жағдайдың шынайы картасын жасау мақсатында қосымша радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу; дала және к а м е р а л д ы қ жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу. Радионуклидтік ластану карталарын жасау;

6) жерасты ядролық жарылысын өткізетін жерлердің бассейндерінің сарқынды суларының радионуклидтік ластануының мониторингі жүйесін жасау; гидрогеологиялық қосымша қадағалау ұңғымаларын бұрғылау. Гидрогеологияларды және аумақтың гидрогеологиясын а н ы қ т а у ;

7) ССП шегінен көшу мүмкіндігін азайту және жою жөнінде зерттеулер мен жұмыстар жүргізу; ССП аумағындағы радионуклидтердің көшу жолдарының заңдылықтарын зерделеу және радиациялық жағдайдың қарқынын үлгілеу; жерасты сулары бассейнінің радионуклидтермен ластануын з е р д е л е у ;

8) ССП аумағында

Қаңтар-жел
-
тоқсан

жерасты ядролық
жарылыстар жүргізіл-
ген орындардың қазіргі сейсмикалық
жағдайын зерделеу;
Дегелең алаңының қазіргі сейсмикалық

жағдайын зерделеу жөнінде далалық
зерттеулерін ұйымдастыру және
жүргізу. Балапан алаңының
сейсмикалық

жағдайының мониторингі.
Нәтижелерді талдау;

9) Балапан алаңының
әскери ұңғымаларын
паспорттау; әскери
ұңғымалардың жағдайы
мен жай-күйін анықтау бойынша
далалы зерттеулерін
ұйымдастыру және жүргізу.

Камеральдық жұмыстар;

10) ССП аумағындағы
ядролық қару-жарак
қызметі қалдықтары-
ның қорларын бағалау; ядролық қызмет
қалдықтарының

құрамын анықтау
бойынша зерттеулер
мен тәжірибелік

жұмыстарды жүргізу;
ядролық сынақ өткізілген жерлердегі
олардың

құрамын белгілеу үшін зерттеулер мен
тәжірибелік жұмыстар
жүргізу. Ядролық
сынақ өткізілген жерлердегі олардың
құрамын белгілеу

әдістемелерін таңдап алу;

11) ядролық қару-
жарак қызметі қалдықтарымен,
радиоактивтік қалдықтармен және улы
қалдықтармен қауіпсіз айналысуды
қамтамасыз ететін
технологияларды

әзірлеу; радиоактивті улы
қалдықтарды қауіпсіз
консервациялау жөнінде зерттеулер
жүргізу және ұсынымдар мен әдістерді
әзірлеу;

12) ядролық және
радиоактивті материалдарды таратпау
және заңсыз
айналымын болдырмау
жөнінде зерттеулер
жүргізу және жұмыстарды ұйымдас-

			<p>тыру; радиоактивті және ядролық материалдармен заңсыз айналысуға қарсы әрекетке бағытталған зерттеулер мен жұмыстарды жүргізу;</p> <p>13) ССП аумағын басқару жөніндегі ақпараттық жүйені дамыту және шешімдер қабылдау жүйесін құру; ақпаратты жедел жеткізу әдістерін әзірлеу.</p> <p>Бағдарламаның міндетіндегі деректер банкі мен географиялық ақпарат жүйесін (ГАЗ) дамыту;</p> <p>14) Бағдарлама бойынша жұмыс нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз ету; қоғамдық пікір мониторингісі жүйесін ұйымдастыру.</p> <p>Халықты радиоэкология мәселелері және ССП аумағын пайдалану мүмкіндігі жөнінде ақпараттандыру және түсіндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.</p> <p>Жұмыс нәтижелерін ақпараттық түсіндіру;</p> <p>15) Құпия</p>	
--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а н ә т и ж е :

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайды зерттеу: өңірлік зерттеулер бойынша Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумағы бойынша 205 000 мың шаршы км. алаңда масштабы 1:1000 000 радиогидролитохимиялық түсіру орындалатын болады, 2005 жылдың далалық жұмыстары бойынша барлық зертханалық талдаулар аяқталатын болады; ортамасштабты зерттеулер бойынша Орталық Қазақстанның (Ақмола және Қарағанды облыстары) үш учаскесінде жан-жақты зерттеу аяқталатын және радиациялық факторлар жиынтығы бойынша олардың радиациялық кернеуліктерін бағалау үшін Оңтүстік Қазақстанның бір учаскесінде және Ақтөбе облысының бір учаскесінде зерттеу басталатын болады;

Қазақстанның 4 облысы бойынша масштабы 1:1000 000 топырақ пен судың радиациялық-химиялық ластану карталары, барлығы 45 карта жасалды; Ақмола және Қарағанды облыстарының типтік учаскелері бойынша 3 радиациялық паспорт және Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарының типтік учаскесі бойынша

радиациялық паспорттың 1 макеті жасалды;
5 жергілікті учаскелердің радиоактивтік ластануының радиациялық паспорттарының және жоғары радиоактивті тау-кен жыныстарының үйінділерімен 15 учаскенің паспорттарының макеттері;

санамаланған карталардың және паспорттардың қосымшасымен бірге ақпараттық есеп.

2. Бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауыты (ЕХМЗ) аумағында, радиоактивті қалдықтарды көму пункттері мен оған іргелес аймақтарда радиациялық-қауіп жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу:

РҚКП аумағына іргелес ластанған аумақтарды радиациялық қауіпсіз жай-күйге келтіру жөніндегі жұмыстар орындалатын, ондағы ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, бұрынғы ЕХМЗ-ның меншігіндегі аумақта табылған иондағыш сәулелену көздері мен жоғары активті РАҚ жойылатын болады;

22 және 22а ғимараттарының ластанған жабдықтарын, жүйелерін және конструкцияларының элементтерін бөлшектеу мен дезактивтендірудің технологиялық процесіне, 22 және 22а ғимараттарында тұрған және дезактивтендіру жұмыстары кезінде пайда болған сұйық радиоактивтік қалдықтарды қайта өңдеу қондырғысына қадағалау органдарында келісілген және жобалық-сметалық және конструкторлық құжаттамада бекітілген жинақ әзірленді;

ЕХМЗ-да кейінгі жұмыс кезеңдерінде ластанған технологиялық жабдықтарды, оларда болатын сұйық радиоактивтік қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жаратуды жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын 22 және 22а ғимараттарында инженерлік зерттеулер өткізілді, СРҚ-ны кәдеге жаратудың әдістері мен технологиялары экспериментті түрде әзірленді;

2005 жылы табылған, ЕХМЗ іргелес ластанған аумақтарда табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға қадағалау органдарында келісілген және жобалық-сметалық және конструкторлық құжаттамада бекітілген жинақ әзірленді.

3. Бұрынғы ССП-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету: ядролық сынақтар жүргізілген негізгі алаңдарды қоса алғанда, бұрынғы ССП аумағына рұқсатсыз кіруді шектеу жүйесі әзірленді; аумақтың ерекшелігін ескерумен, шаруашылық жұмыстарын радиациялық қауіпсіз жүргізудің нормалары әзірленді;

шаруашылық жұмыстарын жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздіктің талаптарын қамтамасыз ету мониторингісінің жаңа деректері;

шаруашылық етуші субъектілердің дерекқорын дамыту;

ЗГР реакторлық кешенді физикалық қорғаудың қазіргі жүйесін ішінара жаңғырту бойынша іс-шаралар орындалды;

ядролық объектілердің қауіпсіздігі, ядролық және радиациялық қауіпті объектілерде авариялардың мүмкін болатын түрлерін үлгілеу мен болжамдау саласында жаңа деректер алынды;

радиологиялық зерттеулердің жаңа деректері, радионуклидтік ластанудың анықталған карталары ;

топырақты сулардың жүйесін ішінара жаңғырту орындалды; ССП аумағында радионуклидтердің көшіп-қонуы және радиациялық жағдайдың динамикасы жөніндегі жаңа деректер алынды; жерасты ядролық сынақтарын өткізетін орындардағы жерасты сулары бассейнінің радионуклидтермен ластануы жөніндегі жаңа деректер алынды; радионуклидтердің жерасты суларымен жеңілдету аймағына түсу мүмкіндігін бейтараптандыру қазіргі әдістемелерін таңдап алу жүзеге асырылды; Дегелең алаңының қазіргі сейсмикалық жағдайы және Балапан алаңының қазіргі сейсмикалық жағдайының мониторингі туралы жаңа деректер алынды; Балапан алаңының әскери ұңғымаларының бір бөлігін паспорттау орындалды; Бұрынғы ССП аумағындағы ядролық сынақтар өткізілген жерлердегі ядролық қарулану әрекетін қалдықтарын іздеп табу әдістемелерін таңдап алу жүзеге асырылды; радиоактивтік қалдықтарды, улы қалдықтарды және ядролық қару әрекетінің қалдықтарын көму объектілерінің мониторингі жүйесін құруға техникалық тапсырыстар әзірленді ;

Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық және ядролық материалдардың заңсыз айналымына қарсы әрекет жасау және таратпау режимін қолдау әдістерін таңдап алу жүзеге асырылды ;

ГАЗ шешім қабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде жаңа ақпараттық қабаттармен толықтырылды ;

бұрынғы ССП өңірінің халқын ақпараттандыру және түсіндіру.

Түпкілікті нәтиже: радиациялық жағдай картасын жасау және радионуклидтермен ластанған аумақтарды сауықтыру және бағдарламаны іске асыру басталғаннан бастап, Қазақстанның барлық аумағының 29% кем емес алаңында нормативтен жоғары сәулелену жағдайларынан халықты қорғау жөнінде ұсынымдар дайындау; жобаларды әзірлеу: ластанған жүйелерді дезактивтендірудің технологиялық процесі; 22 және 22а ғимараттарындағы сұйық радиоактивтік қалдықтарды қайта өңдеу қондырғылары; 2005 жылы табылған ластанған аумақтардағы табиғат қорғау іс-шаралары ;

бұрынғы ЕХМЗ аумағында табылған радиоактивтік заттар мен қалдықтар жойылды; адамдардың денсаулығына, өміріне және қоршаған ортаға қауіпті әсердің төмендеуі; негізгі радионуклидтер бойынша 4 карта (ССП), қоршау периметрі 600 км-ден тұратын 4 сынақ алаңы жасалды .

Қаржы-экономикалық нәтиже: радиациялық жағдайды белгіленген нормаларға сәйкес келтіру және оны халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз ету.

Уақытылығы: жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі.

Сапасы: аудан халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

315-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Геологиялық ақпаратты түзу"

деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 67946 мың теңге (алпыс жеті миллион тоғыз жүз қырық алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. № 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасында жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы № 106 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1107 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдарды және жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылардың толық және сенімді ақпараттарымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жер қойнауының есептілігі және жер қойнауын пайдаланушылардың шарттарын орындау; Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат кешенінде инвестицияларды талдау; геологиялық ақпаратты пайдалануда жинақтау, сақтау және беру; жер қойнауы туралы компьютерлік банк дерекқорын техникалық және технологиялық әкімшілік ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі
-------	-----------------	----------------------	-----------------------------	--	--------------------

Жауапты

						орындау-шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	012		Геология-лық ақпаратты түзу	<p>Бекітілген штат санының шегінде оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін республикалық геологиялық ақпарат орталығының ("Казгеоинформ" РҒАО) қызметін қамтамасыз ету - 71 бірлік.</p> <p>1. Жер қойнауының есебі мен жер қойнауын пайдалану шарттарының орындалуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - пайдалы қазбалар кен орындары қорларының мемлекеттік балансын жүргізу; - кен орындары мен байқалған пайдалы қазбалардың мемлекеттік кадастрын жүргізу; - жер қойнауын қорғау құқығын беруге арналған инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығарылатын объектілердің тізбесін жасау; - геоақпараттық қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалану объектілерін тіркеу, жер қойнауын пайдалануда келісім-шарт жобаларын келісуге қатысу; - жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық-келісім шарттық ережелерін орындау есебін ұйымдастыру және жүзеге асыру; - 1-4 ЛКШ нысаны бойынша жер қойнауын пайдалану нәтижелерінің статистикалық айналымы; - тау-кен және геологиялық бөліністерді дайындау мен тапсыру. <p>2. Қазақстан Республикасы минералды-шикізат кешенінде</p>	Қаңтар-жел - тоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

			<p>инвестицияларды талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - минералдық шикізат түрлері бойынша инвестицияларды талдау; - әкімшілік облыстар бойынша инвестицияларды талдау. <p>3. Геологиялық ақпараттарды пайдалануда жинақтау, сақтау және беру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жер қойнауын пайдалану объектілерінде жұмыстың нәтижелері туралы есептердің республикалық геологиялық қорларын сақтауға қабілдау; - геологиялық ақпаратты сатып алуға арналған келісімдерді, геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығаруға рұқсаттарды, геологиялық ақпарат пакеттерін дайындау; - Геологиялық зерттеу жөнінде жұмыстарды мемлекеттік тіркеу. Қазақстан Республикасының геологиялық және геофизикалық зерттелуін жүргізу. <p>4. Жер қойнауы туралы компьютерлік банк дерекқорын техникалық және технологиялық әкімшілік ету.</p> <p>5. Өзінің құзыреті шегінде геология және жер қойнауын пайдалануды аумақтық басқару қызметіне әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру.</p>	министрлігі
--	--	--	--	-------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

Пайдалы қазбалар кен орындары қорларының мемлекеттік балансын жүргізу - 108 баланс; геологиялық ақпаратты қолдануда технология мен беру ГЗҰ-ны пайдаланумен мемлекеттік геологиялық қорды жүргізу; жер қойнауын пайдалануда келісім-шарт жобаларын келісуге; Тау-кен және геологиялық бөліністерді дайындау және беру; жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі нәтижелерін тоқсанаралық

ш о л у л а р ы н д а й ы н д а у - 4 ш о л у .

Түпкілікті нәтиже: 2006 жылғы 1 қаңтардағы зерделеудің жай-күйі бойынша пайдаланушыларды толық, уақтылы және сенімді геологиялық ақпаратпен қамтамасыз е т у .

Қаржы-экономикалық нәтиже: Іске асқан геологиялық ақпарат үшін республикалық бюджетке төлемдердің түсуі, тиімділігі.

Уақтылығы: Белгіленген есептерді белгіленген мерзімінде өткізу.

Сапасы: Толық және сенімді ақпарат негізінде дайындалған есептілік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

316-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Мемлекеттік геологиялық зерделеу"

деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 2921832 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз жиырма бір миллион сегіз жүз отыз екі мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы ; "2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 93 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешені ресурстық базасын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : елдің минералдық-шикізат базасын нығайту ж ә н е к е ң е й т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : пайдалы қазбалардың және жер асты суларының кен орындарын іздестіру үшін қазіргі картографиялық негіз құру; минералдық-шикізаттың әртүрлі түрлерінің болжамды ресурстарын анықтау; пайдалы қазбаларды іздестіру бағытын анықтау үшін болжамды-минерагеникалық негіз құру; қатты пайдалы қазбалар, көмірсутек шикізатының және жер асты суларының

қорларының өсуі; геотермальды суларға арналған ұңғымаларды зерттеу және пилоттық жоба шеңберінде ТЭН жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	013		Мемлекеттік геологиялық зерделеу			
2		100	Өңірлік және геологиялық түсіру жұмыстары	1. 1:200000 масштабта 31,403 мың шаршы км алаңда геологиялық жете зерттеу; 2. Өңірлік гидрогеологиялық жұмыстар - 17,54 мың шаршы км.; 3.5 мың шаршы км алаңда кенішті аудандарды геологиялық-минерагеникалық карталау; 4. Өңірлік және геологиялық-суретке түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
3		101	Іздестіру-бағалау жұмыстары	1. 250 шаршы км. алаңда қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу. 2. Арал маңы учаскесінің шектерінде көмірсутек шикізаттарына іздестіру-бағалау жұмыстарын жалғастыру. 3. Жәнібек және Шалқар аймақтары шектерінде мұнай мен газға іздестіру-бағалау жұмыстарын жалғастыру. 4. Теңіз ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінің Мұзбел учаскесі шектерінде көмірсутек шикізаттарына іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4		102	Іздестіру-барлау жұмыстары	1. Қазақстан Республикасының 34 ауылдық елді мекендері үшін іздестіру-бағалау жұмыстарын аяқтау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика

			<p>2. Қазақстан Республикасының 152 ауылдық елді мекендерін қамтамасыз ету үшін іздестіру-бағалау жұмыстарын бастау.</p> <p>3. Геотермальды суларға арналған пилоттық жоба шеңберлерінде іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізуді б а с т а у :</p> <ul style="list-style-type: none"> - геотермальды суларды ашқан ұңғымаларды зерттеу; - ТЭН әзірлеу. 	және минералдық ресурстар министрлігі
--	--	--	---	---------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: 1:200000 масштабта 31,403 мың шаршы км алаңда жаңа буынның геологиялық негізі; пайдалы қазбалардың кен орындарын табуға перспективалы жалпы ауданы 600 км² кем емес учаскелерді бөлу; өңірлік гидрогеологиялық жұмыстар - 17,54 мың шаршы км.; 5 мың шаршы км алаңда кенішті аудандарды геологиялық-минерагеникалық карталау; өңірлік және геологиялық-суретке түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары - 4 есеп-ұсынымдар; 250 шаршы км. алаңда қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстары; 152 елді мекен үшін анықталған перспективалық объектілер, Арал маңы учаскесінің және Теңіз ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінің мұнай-газдылық перспективаларын бағалау. Түпкілікті нәтиже: алтынның - 7 тонна, мыстың - 15 мың тонна, қорғасынның - 30 мың тонна, мырыштың - 130 мың тонна қорларының өсуі; республиканың 34 ауылдық елді мекендерін сапалы ауыз су қорымен қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтиже: 1:200000 масштабта 1 шаршы км. геологиялық жете зерттеудің орташа құны - 9280,6 теңге; өңірлік гидрогеологиялық жұмыстардың 1 км² орташа құны - 3424,17 теңге; ҚПҚ-қа іздестіру-бағалау жұмыстарының бір объектісінің орташа құны - 73060 мың теңге; 1 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз ету жөніндегі іздестіру-бағалау жұмыстарының орташа құны - 3760,6 мың теңге. Уақтылығы: уәкілетті орган бекіткен объектілік жоспарға сәйкес жұмыстарды жүргізу. Сапасы: нұсқаулық талаптарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
317-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6

ж ы л ғ а

а р н а л ғ а н

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі"
деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 661722 мың теңге (алты жүз алпыс бір миллион жеті жүз жиырма екі мың т е ң г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : 2003 жылғы 9 шілде Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 58, 59,60-баптары ; "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 56, 58, 59-баптары ; "Қазақстан Республикасының Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ереже жөніндегі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы ; "Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1378 қаулысы ; "Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қатардағы M 85 қаулысы , "Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында қиратқыш жер сілкіністерінің залалын төмендету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : қазіргі экономикалық жағдайда Қазақстан Республикасының негізгі пайдалы қазбаларының негізгі түрлерінің минералдық-шикізат базасының нақты жай-күйін белгілеу және Қазақстан Республикасының перспективаға минералдық-шикізат кешенін дамытуды болжамдау; мемлекеттік басқару органдарын Қазақстан Республикасының жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің жай-күйі туралы деректермен ақпараттық қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын 2030 жылға дейін дамыту болжамымен магний, ванадий, күміс, висмут кен орындарының ірілендірілген геологиялық-экономикалық бағалау; қазіргі жағдайларда республикадағы геологиялық барлау қызметін одан әрі дамыту бағыттары жөнінде ұсынымдарды әзірлеу; мониторингтік дерекқор базасын және лицензиялық және тендерлік объектілер бойынша карталарды жүргізу;

геодинамикалық процестерді үлгілеу және болжамдау; жер қойнауын мемлекеттік сараптау үшін заңнама негіздерін құру; өндіріс салалары және жетекші тау-кен кәсіпорындары бойынша анықтамалықты дайындау; жер асты суларын және қауіпті геологиялық процестерді қоса алғанда, жер қойнауының жай-күйін бақылау жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің дамуының жай-күйін бағалау; жер асты суларының ластану және сарқылу учаскелері мен ошақтарын, қауіпті геологиялық процестерді жандандыру учаскелерін табу; жер асты суларының Мемлекеттік су кадастрын (МСК) жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	014		Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі			
2		100	Минералдық-шикізат базасы және жер қойнауын пайдалану мониторингі	1. 2030 жылға дейінгі кезеңге үлгілеумен Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының мониторингі мен даму болжамы : 1) пайдалы қазбалардың 4 түрі бойынша (магний, ванадий, күміс, висмут); 2) 2006 жылы аяқталатын 3 объект бойынша талдамалық есептер. 2. Өндіріс салалары бойынша анықтамалықты дайындау және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
3		101	Жер асты сулары және қауіпті геологиялық процестер мониторингі	Жер асты суларының мониторингі: 1) 5005 бақылау пункттерінде жер асты суларының мониторингін жүргізуді жалғастыру; 2) Елек өзенінің трансшекаралық бассейнінде жер асты сулары жай-күйінің мониторингі полигонын құруды	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

			<p>а я қ т а у ;</p> <p>3) мемлекеттік су кадастрын жүргізу (жер асты сулары);</p> <p>4) Шығыс Қазақстан облысында жер сілкіністерін алдын ала білдірушілерді зерттеу жөніндегі сейсмомониторинг постыларын құру;</p> <p>5) мемлекеттік бақылау пункттерінде жер бөліп беруді ресімдеуді жалғастыру.</p> <p>2. Қауіпті геологиялық процестердің мониторингі:</p> <p>1) қауіпті геологиялық процестердің постысында мониторинг жүргізу;</p> <p>2) қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша Қаскелең-Талғар полигонын құруды а я қ т а у ;</p> <p>3) Шығыс Қазақстан облысында қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша 1-полигонда бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>4) қауіпті геологиялық процестердің бақылау постыларын құру.</p>	<p>министр-лігі</p>
--	--	--	---	---------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т у р а

н ә т и ж е :

1. пайдалы қазбалардың әр түрі (магний, ванадий, күміс және висмут) бойынша 4 (төрт) есеп және зерттелетін объектілер бойынша 3 (үш) талдамалық есеп; 4 (төрт) нұсқаулық және 1 (бір) анықтамалық әзірленетін болады;
2. сандық және сапалық көрсеткіштерді бақылау, жер асты суларының режимі мен ластануына Жер асты суларының мемлекеттік мониторингі (ЖСММ) мемлекеттік желісінің 2005 бақылау пункттерінде су сынамаларын іріктеу деректері;
3. Елек өзенінің трансшекаралық бассейнінде жер асты сулары жай-күйі мониторингінің 1 полигонын құру;
4. Жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингінің және мемлекеттік су кадастрының (жер асты сулары) деректер банкін жүргізу ;
5. Шығыс Қазақстан облысында жер сілкіністерін алдын ала білдірушілерді зерттеу жөніндегі сейсмомониторинг постыларын құру;

6. 2005 мемлекеттік бақылау пункттеріне ресімделген жер бөліністері;
 7. қауіпті геологиялық процестердің 20 постысындағы бақылау деректері;
 8. қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша Қаскелең-Талғар полигонын құру;
 9. Шығыс Қазақстан облысында қауіпті геологиялық процестерді зерттеу бойынша 1 полигон құру;
 10. Қауіпті геологиялық процестерді бақылау үшін 5 постыны құру.
- Түпкілікті нәтиже:

1. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін минералдық шикізаттарды табу және ұлғайту жолымен қамтамасыз ету; жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауын ұтымды пайдалану үшін сирек және асыл металдар кен орнының, көмірдің, жанғыш тақта тастардың, ұсақ жынысты кен орындарының қорлар жіктелімін реттеуші жаңа нормативтік құқықтық актілермен (нұсқаулықтармен) қамтамасыз ету.
 2. Пайдаланушыларды 01.01. 2006 ж. зерттеу жағдайы бойынша Қазақстан Республикасындағы жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің жай-күйі туралы толық, уақтылы және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету.
- Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- бір объекті (100 шағын бағдарлама) бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған орташа шығындар - 7244,4 мың теңге;
 - жұмыстарды жүргізуге арналған орташа шығындар (101 шағын бағдарлама):
- Жер асты суларының мониторингі:
